

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі
20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____
№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента
« __ » _____ 20 __ года

2022 ж. 15 маусымда жарияланды

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары
Е.Л. Тоғжановқа

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Ералы Лұқпанұлы!

Медициналық қызметтердің тарифтерін көтеруде 2022 жылы қаражаттың толық бөлінбеуі осы депутаттық сауалға себеп болып отыр. Қаржы жеткіліксіздігі, медициналық қызмет көрсетуде халықтың қолжетімділігінің төмендеуі нәтижесінде түрлі шағымдар туындауда.

Медициналық қызметкерлер бұл орайда, күрделі жағдайда қалып отыр: бір жағынан, сақтандырылған азаматтар, заңды түрде сапалы көмек көрсетуді талап етсе, ал, екінші жағынан, Әлеуметтік Медициналық Сақтандыру қоры, қаржыландыру жоспарынан аспауды міндеттейді.

Сонымен қатар, ӘМСҚ белгіленген жоспардан тыс түскен ақшаны артығымен орындау ретінде алып, ұйымдардың онсыз да жеткіліксіз бюджетін орындалмаған сомаға қысқартады.

Сонымен қатар, КТ, МРТ, УДЗ, зертханалық талдаулар, бейінді мамандардың консультациялары және т.б. сияқты маңызды тексерулер кіретін барлық ҚДҚ ішінен тек стоматологиялық қызметтер ғана БМСҚ дәрігерінің жолдамасынсыз, өз бетінше жүгінуі бойынша жүргізіледі, бұл отбасылық дәрігер қағидатын бұзады.

Айдың соңында емханалар тосынсыйларды күтеді – стоматологиялық қызметтер үшін миллиондаған шоттар келеді және Қор стоматологиялық клиникалардың барлық шоттарын бірінші кезекте жабуға және ұйымдарға көрсетілген қызметтердің сенімділігі мен дұрыстығын өздері тексеруіне міндеттейді.

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап дәрігерлердің еңбекақысының орта есеппен 30% - ға өсуіне байланысты базалық тариф тек 9,8% - ға, жан басына шаққандағы норматив 12% - ға ұлғайды, бұл дәрілік заттарды сатып алу жөніндегі кәсіпорындардың, МӨ, коммуналдық қызметтердің шығыстарын және жалақыға арналған шығыстарын да толық өтемейді.

Мысалы, IV санаттағы жедел жәрдем тарифтері төмен: бір тұрғынға 39-44,8 теңге, бұл іс жүзінде шығыстарды тек 30% - ға жабады. Иық буының рентгенографиясының тарифы 880 теңге, хируртың кеңесі 2068 теңге, т.б. Медициналық қызметтердің барлық басқа тарифтерінде де осындай ұқсас жағдай.

Бұл проблемалар Павлодар, Жамбыл облыстарында, Нұр-сұлтан қаласында, сондай-ақ еліміздің барлық өңірлерінде бар.

Сонымен қатар, 2021 жылғы мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша Денсаулық сақтау министрлігі - 7,4 млрд теңгені және МӘМС қоры - 2,3 млрд теңгені игермеген.

Сонымен қатар, Қор көбіне негізсіз айыппұл санкцияларын қолданады. Бірақ қор қызметкерлеріне бонустар мен сыйақылар шкаласы кеңінен қолданылады. Осы мәселені ойланған жөн.

Медициналық қызметтер тарифтерін көтеруге қаражаттың толық бөлінбеуі және осының салдарынан қаржыландырудың жеткіліксіздігі кредиторлық берешектің пайда болуына, халыққа медициналық қызмет көрсетудің қолжетімділігінің төмендеуіне, шағымдардың туындауына және жалпы әлеуметтік шиеленістің өсуіне алып келеді.

Бұл ұйымның қызмет етуінің мақсатқа сай екендігіне қатысты, оған жүктелген міндеттерді қаншалықты ақтағандығына қатысты сұрақтар туындайды.

Осы ретте:

ҚР Денсаулық сақтау министрлігі:

1. Тарифтер нақты шығыстарға сәйкес келтірсін және жаңа қаржы жылы басталғанға дейін тарифтерді бекітсін.

ӘМСҚ:

2. Тоқсан аралығында медициналық ұйым ішінде қаражатты қайта бөлу тетігіне рұқсат етілсін.

3. МӘМС жүйесінде айлық жоспарға байланыстыру болмауы тиіс, төлем халықтың қажеттілігіне сәйкес медициналық қызметтердің нақты орындалған көлемі бойынша жүргізілуі тиіс.

4. Балалар мен жүкті әйелдерге жоспарлы стоматологиялық қызметтер қатаң түрде БМСҚ дәрігерлерінің жолдамасы бойынша жүргізілсін және ары қарай қызметтерді жеткізушілермен тікелей шарт жасалсын.

5. ӘМСҚ пен медициналық қызметтер сапасы комитетінің орындау және айыппұл салу сапасын бақылау жөніндегі өкілеттіктерін нақты бөлу қажет.

ӘМСҚ қаржыны өзі бөліп, сапасын өзі тексере алмайды және айыппұл санкцияларын сала алмайды.

«Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 27-бабының 4-тармағына сәйкес жауап беруіңізді сұраймыз.

**Құрметпен,
«АМАНАТ» партиясы
фракциясының мүшелері**

**Г.Нұрымова
Д.Нұрманбетова
З.Камасова
А.Нұркина
В.Ким
М.Төлепберген
Н.Раззақ
Ж.Телпекбаева
Б.Сартбаев
Л.Павловец
Н.Ожаев
Ә.Әбсеметова
Ф.Қаратаев**

**«Қазақстан халықтар ассамблеясы»
депутаттық тобының мүшелері**

І.Бұларов

**Қазақстан халық партиясы
фракциясының мүшелері**

**И.Смирнова
Г.Нұгманова**